

**Мемлекеттік органдардың құс тұмауының туындауына және оның таралуына жол бермеу жөніндегі іс-қимылдарын үйлестіру бойынша жұмыс тобын құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 80-ө Өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007.10.06. N 292-ө Өкімімен

*Ескерту. Өкімнің күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007 жылғы 6 қазандағы N 292-ө Өкімімен.*

Қазақстан Республикасының аумағында құс тұмауының туындауына және оның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды жедел және тиімді түрде іске асыру мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Есімов	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, жетекші
Ахметжан Смағұлұлы	шаруашылығы министрі, жетекші
Құлмаханов	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, жетекшінің орынбасары
Шалбай Құлмаханұлы	орынбасары
Қожамұратов	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринария департаментінің директоры, Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторы, хатшы
Асылбек Әубәкірұлы	ветеринарлық инспекторы, хатшы
Әбдімомынов	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі
Азамат Құрманбекұлы	ғылым вице-министрі
Бектұров	- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
Азат Ғаббасұлы	және коммуникация вице-министрі
Бабақұмаров	- Қазақстан Республикасының Мәдениет, және ақпарат вице-министрі
Ержан Жалбақұлы	және ақпарат вице-министрі
Құсайынов	- Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Марат Әпсәметұлы	және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Шпекбаев	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі
Алик Жатқамбайұлы	вице-министрі
Белоног	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау
Анатолий Александрович	сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау

комитетінің төрағасы, Қазақстан  
Республикасының бас мемлекеттік  
санитарлық дәрігері

Шәкіров

- Қазақстан Республикасының Қаржы

Асқар Оразалыұлы

министрлігі Кедендік бақылау

комитетінің төрағасы

2. Жұмыс тобының негізгі міндеттері мыналар болып белгіленсін:

1) құс тұмауының алдын алу және оны жою жөнінде жүргізілетін  
іс-шараларды үйлестіру;

2) құс тұмауының алдын алу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық  
кесімдерді әзірлеу және қабылдау бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) белгіленген іс-шараларды іске асыру барысы туралы мәселелерді қарау  
және олардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар дайындау;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ олардың  
аумақтық бөлімшелерінің құс тұмауына қарсы күрес бойынша  
ұйымдастыру-шаруашылық, ветеринарлық-санитарлық және арнайы,  
медициналық-санитарлық іс-шаралар кешенін жүргізу жөніндегі жұмысын  
үйлестіру.

3. Жұмыс тобына мемлекеттік атқарушы органдардан және олардың  
ведомстволық бағыныстағы ұйымдарынан қажетті ақпараттар сұрату, олардың  
құс тұмауына қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру бойынша  
жұмысын тексеру, өз отырыстарында көрсетілген органдар басшыларының  
есебін тыңдау құқығы берілсін.

*Премьер-Министр*